

Перевод и значение слова "частное предпринимательство":

жеке кәсіпкерлік

Жеке кәсіпкерлік — жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кіріс алуға бағытталған, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өздерінің меншігіне негізделген және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің атынан олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі. (Қазақстан Респу- бликасы Кәсіпкерлік туралы заңынан). Жеке кәсіпкерлік — азаматтардың өз атынан мүліктік жауап- кершілікке негізделе отырып жүзеге асыратын дербес бастамашы- лық қызметі. Жеке кәсіпкер, әдетте, кәсіпорынды өзінің меншікті капиталымен қаржыландырады, барлық тәуекелді өзінің мойны- на алады және осы қызметке байланысты өзінің міндеттемелері бойынша барлық мүлкімен жауап береді. Жеке кәсіпкерлік жал- дамалы еңбекті пайдаланып, не пайдаланбай жүзеге асырылады, сонымен қатар заң актілерімен шектелмеген шаруашылық қыз- меттің барлық түрін де жүргізеді. жеке меншік Төмендегідей межелердің біріне немесе екеуіне сай келетін: жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан асатын және (немесе) жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің үш миллион еселенген мөлшерінен асатын және заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асы- ратын заңды тұлғалар ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табы- лады. Шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын, заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. (Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік туралы заңынан).

жеке кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган — полномочный орган по частному предпринимательству жеке кәсіпкерлік субъектілері — субъекты частного предпринимательства жеке кәсіпкерлікті дамыту — развитие частного предпринимательства жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау — государственная поддержка частного предпринимательства жеке кәсіпкерліктің инфрақұрылымы — инфраструктура частного предпринимательства орта кәсіпкерлік субъектілері — субъекты среднего предпринимательства ірі кәсіпкерлік субъектілері — субъекты крупного предпринимательства

Переведено с помощью "Кәсіпкер сөздігі"